

ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОРТАНУ

ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ И ФОЛЬКЛОРИСТИКА

МҒТАР 82-1/-29

DOI: 10.59102/kufil/2022/iss4pp25-31

Ерболат Баят

Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., 020000, Қазақстан Республикасы

ТҮРКІ, МОҢҒОЛ БАТЫРЛЫҚ ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ ЭПИКАЛЫҚ САНА МЕН КЕҢІСТІК

Эпикалық сана – эпостың даму эволюциясын негізінде қалыптасқан көркемдік жетістіктің ең озық үлгісі болып қана қоймай, кейінгі уақыттардағы қоғамдық-әлеуметтік сананың жемісі екендігі айдан анық нәрсе. Ол сонымен бірге эпикалық дәстүрді жаңартушы, жаңаша мазмұн мен соны пішінді қалыптастырушы. Түптен келгенде эпикалық сана дегеніміз сол эпостың тақырыптық-идеялық мазмұнынан өріліп жататын қоғамдық-әлеуметтік көзқарастар, тарихи- мәдени ұстындар, поэтикалық-көркемдік нышандар. Эпостағы эпикалық сана бірден қалыптасқан көркемдік-танымдық құбылыс емес, ол сан засырдың жемісі. Ол эпикалық жырдың сюжеттік желісіндегі оқиғалармен атасып, белгілі бір уақыт пен кеңістікте көрініс тауып отырады. Уақыт пен кеңістік эпикалық сананы айқындаушы күш. Түркі, моңғол эпостарындағы эпикалық сананың уақыт пен кеңістікте көрініс табуы бір тектілеу болғанымен, өзіндік ерекшелікке де бай. Ол осы халықтардың дүниетанымына, философиясына, діни ұстанымдарына, көзқарастарына, фольклорлық дәстүріне қатысты болмақ. Біз мақаламызда түркі, моңғол халықтары батырлық жырларындағы эпикалық сана көрінісін уақыт пен кеңістік категориясы негізінде салыстырмалы түрде зерттеуді мақсат еттік.

Кілт сөздер: жанр, миф, поэтика, сюжет, эпос.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Ой-сана, түйсік-танымдағы балаң шындық бара-бара өмірлік ақиқатқа қарай ауысып, тарихи-қоғамдық сұраныстың талабына жауап бере бастады. Ендігі жерде мифтегі бұлдырлықтың бұлты ашылып, ертегілердегі елес суреттер нақтылана, тарихи сипатқа ие бола бастайды. Уақыт пен кеңістік туралы мифтік санадан ажырай бастаған көркемдік таным ендігі жерде мейлінше айқындалып, әлеуметтік, қоғамдық сипатқа ие бола бастады. Жалқының жан құштарлығынан гөрі жалпының жағдайын көксеудің әлеуметтік мәні артты. Елдің азаттығын, бірлігін ту етіп көтеріп, соны жасайтын жасампаз қаһарманның өмір жолын, ерлік шежіресін өрнектей бастады. Осыған сай жаңаша уақыт пен кеңістіктің көріністері қажет болды. Ол мазмұндық, пішіндік жағынан да өзгеріске ұшырады. Бір сөзбен айтқанда эпикалық жырларда қаһармандық сарын басым болып, қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді көтеретін көркемдік биікке көтерілді. Сол арқылы эпикалық сананы қалыптастырды. Түрі және моңғол халықтары жырларындағы эпикалық сана көрінісін қаһармандық эпос негізінде олардың сюжеттік мотивтерін, бас қаһарманның айналасына топтасқан оқиғалар тізбегін өз ара салыстыру арқылы зерттедік.

КІРІСПЕ

Эпос өзінің эволюциялық даму барысында түрліше кезеңдерді түгендей отырып, тек қана халықтың ой-санасына, арман-тілегіне арналы жол ашатын таңдауларды қабылдады, соны бойына сіңірді. Онда тарихтың талай өткен уақыттары өзінше өріліп, екшеліп, өмірлік

нәр жинаған аса бағалы деген көркемдік өлшемдер ғана өзегін жалғап келді. Осылайша эпикалық жырлардың көркемдік жүйесі қалыптасты, ол өзінің дау заңдылықтарын айқындады. Біз эпостың байырғы бастауларын, ежелгі арналарын әңгімелегенде әрқашанда мифтерді, ертегілерді ескермей кете алмаймыз. Эпостың тарихи шындықпен және сол шындыққа деген адамдардың көзқарасымен қатарласа қабат дамып отырғаны көз жеткізер едік.

Жалпы алғанда әлемдік эпикалық дәстүрді сөз етушілер «мифтік және эпикалық сана» деген көркемдік ұғымды жиі қолданады. «Мифологическое сознание входило в эволюцию, пройдя путь от архаической, нерасчлененной, хтонической мифологии рода до грекоического сознания складывающегося народа, ранноклассового общества. Последнее сознание в ходесвоей эволюции, под влиянием социальных причин, демифологизируется. Мифологическое сознание уступает место эпическому сознанию» [1, 24]. Әрине мұнда эпикалық дәстүрдегі мифологиялық сана бір жола өшіп, өзінің өміршеңдігін жоғалтады деген ұғым болмауы керек. Қалай болғанда да эпикалық жырлардың сюжеттік желісінде мифологиялық санадан туған архаикалық элементтер аз мөлшерде болса да сақталып қалады екен. Бір сөзбен айтқанда эпос табиғатына екеуі де жат емес, олар эпостың өне бойында қосарласып өмір сүре береді.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ТӘСІЛДЕР

Ғылыми мақаланы жазу барысында материалдарды жинақтап, ғалымдардың пікірлері салыстырылды. Талдау жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар зерттеу, баяндау, когнитивтік әдістер негізге алынды.

НӘТИЖЕЛЕР

Ахмет Байтұрсынұлы былай деген: «Батыр әңгімесі (қаһармандық эпосты айтып отыр. курсив бізден) өтірік-шыны аралас қойыртып әңгіме болады. Шын жағы бұрын батырлар болуы, батырлар заманында соғыс болуы, батырлар халық үшін қайрат қылуы, жұртын қорғау. Өтірік жағы, олардың мінген атына тұтынған заттарына өздеріне бітпеген қасиеттерді таңу, болмаған күштерді, болмаған істерді телу» [2, 236]. Бұл жерде Аханның айтып отырғаны да осы мифологиялық және эпикалық сана туралы. Жоғарыдағы Г. Д. Гачевтің «қаһармандық сана» дегені шындығына келгенде «эпикалық» сана екендігі даусыз. Олай болса, эпикалық сана- эпостың даму эволюциясын негізінде қалыптасқан көркемдік жетістіктің ең озық үлгісі болып қана қоймай, кейінгі уақыттардағы қоғамдық-әлеуметтік сананың жемісі екендігі айдан анық нәрсе. Ол - сонымен бірге эпикалық дәстүрді жаңартушы, жаңаша мазмұн мен соны пішінді қалыптастырушы. Түптен келгенде эпикалық сана дегеніміз сол эпостың тақырыптық-идеялық мазмұнынан өріліп жататын қоғамдық-әлеуметтік көзқарастар, тарихи- мәдени ұстындар, поэтикалық-көркемдік нышандар.

Эпикалық сана деңгейіне жеткен қаһармандық эпостар түркі, моңғол фольклорында жетерлік. Олар стадиялық жағынан біртекті болмаса да, көбіндегі қаһармандық сарынды жоққа шығара алмаймыз. Түркі, моңғол жырларында «қаһармандық сана» берік орын алған. Олардың эпостық жырларындағы сюжеттер бас қаһарманның ерлік істеріне кұрылған. Алайда,

моңғол жырларының бір денінде қаһармандық сарын желісі басым болса, енді бір саласында аңшылық, мергендік тақырып үстемірек жырланады. Бір топ жырларда баланың ата-анасы бай, хан болса, енді бір тобында мерген, аңшы, батыр болып келеді. «Ғылымда батыр бейнесінің шығуы тегі туралы бірнеше концепция қалыптасқан. Солардың қатарында эпикалық батыр образының қалыптасуында маңызды рөл атқарған көкне персонаждардың бірі - аңшы-мерген образы деген пікір» [3, 82]. Персонаждарың әр тектілігі Орта Азия мен Қазақстанды және Сібірді мекен етіп келген түркілердің эпикалық дәстүріндегі әр деңгейліктен хабар береді. Моңғол жырлары да солай.

Ертегілік сарындар, аңшылық, мергендік өмір көріністері қазақтың, қырғыздың, башқұрттың, қарақалпақтың, өзбектің көне жырларында және ертегілерінде жақсы сақталған. Осы тұрғыдан алғанда аңшылық, мергендік кәсіпті дәріптейтін моңғол жырларының бір тобын көне жырларға жатқызуға болады. Баласыздықтың зары, әулие-әмбиелерге мінәжат ете жүріп балалы болу көне эпостың белгілері, яғни мифологиялық сананың көріністері екендігі даусыз. Эпостық жырлардағы осы мотив түркі, моңғол жырларының көбісінде сақталып қалған. Бұған өте көп мысалдар келтіруге болады. Мысалы: «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Манас», «Ақ көбек», «Орал батыр», «Маадай қара», «Хаан қыс», «Сайыпқыран ер Соготох», «Баян-Цагаан өвгөн», «Аргил цагаан өвгөн» т.б Түркі, моңғол жырларындағы баласыздықтың зары екі түрлі жағдайдан хабар береді, біріншіде, ұрпақсыз кетуден қорқу, екіншіде, таққа, мал-мүлікке ие болар мұрагер ұлдың жоқтығы.

Көптеген эпостарда Тәңіріне жалынып, әулие-әмбиелердің басына түнеп, бір сөзбен айтқанда Құдайдан сұрап алған бала ғажайып жарталысқа толы болады. Оларды тылсымның күші жебейді. Бұл мотив түркі халықтарының эпикалық дәстүріне тән. Тума салысымен сөйлеп, шикі ет сұрайды, өзінің кім болатынын айтады, ана сүтін ембейді, жауыз күштер алысып дүниеге келеді (моңғол, Сібір түркілерінің жырлары) немесе кіндігін кескен қырық қатынға бой бермей ораған жөргегінің дал-дұлын шығарады, күн санап емес, сағат санап өседі (Орта Азия түркілері мен қазақ жырларында). Болашақ батырдың таңғажайып жаратлысы – мифологиялық сананың көрінісі болса, оның жастайынан ел-жерін қорғауға аттануы – эпикалық сананың жемісі болмақ. Эпос сюжетінде мифологиялық көріністер эпикалық дәуірдің алғышарты істпетті көрінеді. Қиял- ғажайып ертегілерде батырлық сарындар да кездеседі, осы жағынан алып қарағанда қаһармандық эпос пен ертегілердің арасында ұқсастықтар бар. «Алайда батырлар қызметі ертегідегідей жеке бастың тағдырына құрылмайды, оның ісі бүкіл қоғамның, халық бірлігінің мемлекет тұтастығының көрсеткішіне айналады [4, 239]

Сюжеттік оқиғалардың бас қаһарманның жеке басына, оның отбасына, айналасына топтастырылуы – эпостың жанрлық-көркемдік табиғатынан туындап жатақан шарттылық екендігі белгілі. Ол барлық сюжеттің өне бойында ситуацияны тудырушы, соны реттеуші басты тұлға болып саналады. Сол себепті де эпостағы басты кейіпкер осал болмауға тиіс. Оның жаратылысы да, дүниеге келу де, өсуі де өзгеше. Эпос поэтикасы батырдың ғажайып жаратылысын, керемет тууын қажет етеді және осы мотив батырдың айырықша түр тұлғасына, басқаларға ұқсай бермейтін дара болмыс бітіміне тыңдаушыны иландыратындай етіп шындыққа сәйкес қалыпта алғандай болады. Негізгі эпикалық сюжетке толық қатысты болмағанымен ерекше жағдайда туған батырдың ерекше жағдайда тез өсуі, оның алғашқы ерлікке қол артуы, тұлпар атының ақылды болып жаратылуы, тылсым күштердің көмекке келуі - эпостық жырлар мұрат етіп көтеріп отыратын асқақ идеалға, сюжеттің ішкі құрлымдық заңдылығына байланысты десек те, мұның арқауында мифологиялық сана жатыр.

Эпостық жырлардың біте қайнасқан осы екі арнасында қым-қуыт, аласапыран оқиғаларға толы қаһармандық жорықтар ғажайып көркем тілмен, ерлік рухқа толы көтеріңкі пафоспен жырланады. Соның ішінде бас кейіпкердің қалыңдық үшінгі сапарына, жорық жолдарына қатысты сюжеттік желілер өте-мөте орайлас келеді. Көркемдік бейнелеу тәсілдері, образдар жүйесі де эпикалық жанрдың табиғатына бағындырылған. Осы себепті де, көне эпос пен қаһармандық эпосқа тән ортақ сюжеттік белгілерді эпикалық жырдың аумағында қарастыруға әбден болатындай. Типологиялық ұқсастықтар мен белгілер, сарындар мен мотивтер көбінесе оқиғалардың басын құрайтын, олардың ортақ үлгісі болып табылатын сюжеттік тізбелерінде табылып қалып жатады. Болашақ батырдың ғажайып жаратылысы, оның ешкімге ұқсамайтын тұлғасы, күш-қайраты эпостың екі жанрына да ортақ белгілер екендігін ескерер болсақ, оның алдағы уақытта ата-анасын, елін-жерін қорғайтын бірден-бір батыр боларына еш шүбәланбайсыз. “Егер эпикалық батырдың өмір бастауы осындай керемет оқиғалармен(бұл жерде батырдың ғажайып жаратылысын айтып

отыр. сілтеме біздікі) өрнектелмесе, оның алуан, сұрапыл ерліктерін түсіне алмаған болар едік. Есейіп, ақыл, қайраты толысқан кезде мың жауға жалғыз шабатын батырды “жаратылысынан ерен етіп көрсетудің психологиялық мотивировкасы осында жатыр”-деген құнды пікірмен санаспауға болмайды [4, 108]. Эпостағы осы бір ерекше жағдай бас кейіпкердің ерлікке толы қаһармандық жол сапарларынан алдын-ала хабар беретіндей. Сондай-ақ, өзіне лайық ат тандап мінуі, жар іздеуі де қас батырға тән сипаттардың бір белгісіндей.

Ал, батырдың өте тез ержетіп есеюінде үлкен сыр, маңызды мән жатыр. Ел-жұрт болып көптен күткен ұлдың жылдам өсуі әрі әлеуметтік қажеттілік болса, екінші жағынан эпостың көркем поэтикасының ішкі заңдылығы. Жайбарақаттылықты, ұзаққа созылатын жағдайларды уақыт көтермейді. Батыр баланың неғұрлым тез ержетуі, сөйтіп елге қорған болуы шартты. Оған былайғы әлеумет те, эпостың сюжеті де ықтиярлы.

Эпикалық уақыттың шеңберінде осыған дейін шинелісіп келген, әбден пісіп-жетілген ішкі және сыртқы қайшылықтар мен қақтығыстар баршылық. Енді соның тиімді шешілу жолдарын күтеді, соны аңсайды. Солардың ішіндегі ең негізгісі- көп уақыттардан бері қарай өз үстемдігін көрсетіп келген жат жұрттық жаулар мен қаскөй күштер. Жас батырдың жаратылысында соларды жеңетін жойқын күш пен қайтпайтын қайсарлық бар. Ол жақсылықтың жебеушісі, ізгіліктің қамқоршысы болуға тиісті. Әуелі оған балаша ойнап-күлудің өзі жат. Ерлікті қастерлеген еркін жұрт ұлдарының боркемік, безөкпе болуын қаламаған. Ал, жас батыр да «үйде туып түзде өлуді» арман етеді. Ерте есейіп, -Жау қайдасың? – деп жанығып тұру эпос кейіпкеріне тән.

«Ерлікті қастерлеген сақтар мен ғұндар «соғыста өлгенді бақыт, ауырып өлгенді бақытсыздық» - деп таныған. Мұның таза көрінісі моңғол жырларында бар. Жас батыр әкешесіне келіп: «Сырмақта туып, сырмақта өлген деген не қорлық (Ширдэг дээр гардаг гэдэг ялаа, ширдэг дээр үхдэг гэдэг ялаа)» - деп налиды немесе «Әкемнен бері кекті едім, шешемнен бері өшті едім (Аавын цагийн атаатай билээ, ээжийн цагийн өшөөтөй билээ)» - деп ширығады. Бұл формулалық моңғолдың барлық жырларында кездеседі десек артық айтқандық емес. Эпос қаһарманы бос қарап отыруды өзіне ар санайды. Эпостың сюжеттік желісі оны қиын қыстау оқиғаларға кездестіріп, неше алуан адам төзбес жағдайларда сынайды және шындайды. Бірақ, ол қандай қиыншылыққа, азап пен аштыққа тап келсе де берген серті үшін, ел-жұрты үшін оған мойымайды, ақыры жеңіп шығады, елін-жұртын жаудан азат етеді. Бұл – қаһармандық эпостағы эпикалық сана асқақтатқан биік мұраттың жеңісі.

Эпикалық кеңістік шартты ұғым. Ол көркемдік заңдылыққа бағынған. Эпикалық кеңістік ұғымы әуелі тарихилық, сосын поэтикалық бағытта қарастырылып келеді. Қазқиргі эпостануда осы екі бағытты бір-біріне қарсы қою үдерісі де бар. Айталық, М. Халанский, Б. А. Рыбаков, Р. С. Липец поэтикалық дәстүрді жоққа шығарса, В. Я. Пропп, Б. Н. Путилов кеңістікке қатысты топонимикалық атаулардың жиі ескерілмейтінін алға тартады. «Соған қарамастан осылардың бәрінде де табан тірерлік бір жағдай бар: эпосты дихрондық аспектіде қарайтын болсақ, оның байырғы бітімі мен бізге жеткен үлгісіне дейінгі аралықта жүріп өткен жолының нақтылы тарихи мекендік, мезгілдік ұғымдарға қатысы бірдей дәрежеде емес» - дейді Ш. Ыбыраев[6, 236].

Эпикалық кеңістікке қатысты әрқелкіліктің болуы олардың стадиялық даму кезеңдеріне байланысты болса керек. Ертегілік сарыны басым архаикалық эпостардағы кеңістік тарихи ұғымдарға сәйкес келмейді, ондағы кеңістік мейілінше бұлдыр, нақты деректерден ада. Кеңістіктің көмескіленуі, шексізенуі сібір түркілері мен моңғол жырларына тән. Онда «әлемнің үш қабабатан тұратын жөніндегі» байырғы түркі-моңғолдық таным елес береді.

Мейілінше мифтік кеңістіктің «адамзаттық және адамзаттық емес» деген ұғымын молынан сіңіріп қалған көне жырларда адам мен оның жауларының тұрағы, мекені бір-біріне қарама қайшы суретте берілумен қатар символдық мәні бар түсініктермен де астасып жатады. Жаудың мекеніне жету батыр үшін оңайлыққа түспейді. Айшылық алыс жолдарды

қарапайым адам жылдап жүрер еді. Жол-жөнекей не бір кедергілерге, бөгеттерге тап болып отырады. Көне жырларда мифтік түсінікке байланысты жаудың өзі не пері, дию, дәу, манғұс болып келуімен бірге, олардың мекені де көз көрмес, құлақ естімес алыста, үнгірлі таудың ішінде немесе мұхиттың, дарияның арғы жағалауында. Қазақтың «Құбығұл» жырында Құлаша ат мінген батыр Теңгелік деген дариядан әрең дегенде өтіп Ақбілектің еліне жетсе [4, 107], «Дотан батырда» Шынтемір ханның тұрағын «Мекені Мұхит теңіз жағасы екен, бар екен жалғыз қызы бес баласы»- [7, 42] деп жырланса, моңғолдың «Хэцүү бэрх» жырында Хүрш мергеннің мекені үстінен ұшқан құсты, жүзіп өткен адамды жұтып қоятын алып дарияның аржағында еді делінеді. «Адамзаттық және адамзаттық емес» пайым бертін келе «менікі» және «өзгенікі» дегенге ауысты. Бұлар бір-біріне қарсы қойылған антипаттар.

Моңғол жырларының бір ерекшелігі батыр жауымен немесе манғұспен шартты түрде «Болзоотын бор толгой» да кездеседі. Бұл – негізінде соғыс алаңы, майдан мекені. Ал «Амхай» мойнағы батырдың төңірегін шалатын қарауыл төбесі іспетті. Бұлар да поэтикалық заңдылыққа негізделген, қалыпты формулаға айналған шартты ұғымдар. Сол секілді «Хэцүү бэрх» жырында Қара пері елі ханының қызын Көк пері елінің ханы зорлықпен алып кеткен болатын. Хан Хэцүү бэрхке: «Соны өлтіріп, қызымды ал» - дейді. Батыр 399 жылдық жерді 299 күнде жүріп өтіп, Маржан тауындағы Көк пері еліне келеді. Ұйқыда жатқан Көк пері елінің ханын өлтіріп, Қарагөзайымды /Хар нүдэн/ өзі алады. Осы жырлардағы «Теңгелік», «Мұхиттағы арал», «Қара пері мен көк пері елі» деген кеңістік атауларының тарихи сипаты жоқ деуге болады. Ал тарихи оқиғалар қоспасын бойына сіңірген қаһармандық жырлардағы жер-су атаулары мүмкіндігінше реалды өмірге жақынырақ болады. Тарихи-типологиялық тұрғыдан салыстыру нәтижесінде екі халықтың эпикалық жырларындағы ұқсастықтар мен өзгешеліктер айқындалды. Оның бір дәлелі ретінде моңғол тілдес халықтардың эпостық жырларындағы уақыт пен кеңістік, сонда өрілетін сюжеттік оқиғалар тізбегі мейілінше балаң, өте ерте заманнан хабар беретін мифтік белгілерге толы екеніне көз жеткіздік. Қарастырып отырған мәселені когнитивтік тұрғыдан қарастыру түркі, моңғол эпостарының табиғи-танымдық болмысын, тілдік дәстүрлі құрылымын, санасын, сезімдік қабылдау ерекшеліктерін, символикалық белгілерін және әбден орныққан формулаларды айқындауға мүмкіндік берді.

ТАЛҚЫЛАУ

«Біздіңше, нақты жер-су атауларын жырда тізбелеп қолдану кейінгі заманның қоспасы тәрізді. Мұнда жалпылықтан жалқылыққа бой ұру басымырақ. Жалпы жырлардағы кеңістік атауларының жиынтығы тарихи нақты атаулармен сәйкес келетін де, келмейтін де тұстары бар екендігін зерттеушілер жоққа шығармайды. Эпосты-тарихтың көшірмесі, соның көркемделген формасы деу, әрине жадағай пікір және сонымен бірге эпостың белгілі мөлшерде тарихи жағдайлармен де байланыстылығын жоққа шығара алмаймыз»[8. 98]. Айталық, «Қобыланды батыр» жырында айтылатын кейбір жер-су атауларының тарихи деректілігі жоқтың қасы:

...Қамыстының қазды көл,
Қоғалының қулы көл,
Жегендінің желді көл,
Шағалалы шалқар көл,
Қызғыштының қызды көл
...Барлы-барлы, барлы тау,
Басы биік қарлы тау
...Қалбағайлы шөлдерден
Қасқалдақты көлдерден,
Асқар-асқар белдерден,
Айдын шалқар көлдерден,
Қан сасыған жерлерден...[9, 59].

Мұнда поэтикалық көркемдіктің заңдылықтары айқын байқалып тұр. Өлең-жырдың ішкі иіріміне, дыбыс үйлесімділігіне, үндестігіне /аллитерациялық-ассонанстық, сөз кестелігіне қарай орайластырылып, поэтикалық көркемдікке бағындырылған. Сонымен бірге көлдерде өсетін шөптер мен мекендейтін құстардың да табиғи болмыстары ескерілген. Жырлаушы үшін кеңістіктің тарихи нақты атауларын беруден гөрі эпостың поэтикалық заңдылығын сақтай отырып, батырлар мінген тұлпар аттың керемет шабысын, оның кеңістікті игеру мүмкіндіктерін әсірелеп, көркемдеп жеткізу маңыздырақ болатын секілді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Көркем шығармадағы көркемдік айшықтаулар тілдік тәсілдер арқылы жүзеге асатыны белгілі. Біріншісі бейнелеу тәсілдері – өмірлік реалды шындығын, құбылысын адамның көз алдына елестетіп суреттейді. Екіншісі әсірелеу тәсілдері – адамның эмоциялық сезіміне әсер ететіндей етіп көрсету. Бұл эпос поэтикасына тіптен байланысты. Осы тәсілдердің эпикалық сана мен кеңістікке тікелей қатыстылығы бар. Эпикалық сана дәстүрлі. Ол сонымен бірге уақыттың талабына, эстетикалық-көркемдік сұраныстарға байланысты жаңарып, түрленіп те отырады. Ол қатып қалған нәрсе емес, өйткені эпикалық сана – көркемдік таным дүниесі. Түркі, моңғол эпостарындағы эпикалық сана көрінісі терең мазмұнымен, алауан түрлі пішінімен бағалы һәм құнды. Ол бізге өткен дәуірлердегі тарихи-әлеуметтік көзқарастарды, байырғы танымды, тілдік көркемдік жүйені жеткізіп отырған ұлы мұра. Көне түркілердің атағы мен даңқы, олар тудырған ұланғайыр эпостық мұралар талайларды таңқалдырып келеді. Қорытындылай келе неміс ғалымы Альфред Вебердің «Ат үстіндегі көшпелі халықтар дүниенің кеңдігін таныды. Қиын-қыстау тіршілікпен қауіп-қатері мол жорықтар арқылы дүниенің жалғандығын түсінді. Олар үстем нәсіл ретінде дүниеге ерлік пен трагедиялық сананы орнықтырып, оны эпос түрінде паш етті» – деген мына сөзімен аяқтағымыз келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Гачев Г. Д. Содержательность художественных форм (эпос, лирика, театр). – М., 1968.
- 2 Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы, 1989.
- 3 Әзібаева Б. Түркі эпостарының кейіпкерлер жүйесіндегі қазақ эпосының образдары// Қазақ эпосы әлемдік эпостық мұра аясында. – Алматы, 2017.
- 4 Қасқабасов С. Ертегі пен эпостың сюжеттік типологиясы// Қазақ фольклорының типологиясы –А. 1984.
- 5 Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. – Алматы, 1993.
- 6 Ыбыраев Ш. Қазақ эпосындағы уақыт пен кеңістіктің бейнелену принциптері // Қазақ эпосы әлемдік эпостық мұра аясында. – Алматы, 2017.
- 7 Қазақтың көне эпосы. – Алматы. Аруана. 2008.
- 8 Баят Е. Контактология: түркі өркениетінің әлемдік мәдениетке ықпалы. – Алматы, ҚазҰУ баспасы. 2020.
- 9 Батырлар жыры./ Қобыланды батыр/. 1-т. – Алматы. 1986.

Материал 10.12.2022 баспаға түсті

REFERENCES

- 1 Gachev G. D. (1968) Selfishness of the human form (epic, lyrics, theater). (In Kazakh).
- 2 Works Of Baitursynov A. (1989)
- 3 Azibayeva B. (2017) Images of the Kazakh epic in the system of characters of Turkic epics// Kazakh epic in the context of the world epic heritage. (In Kazakh).
- 4 Kaskabasov S. (1984) Plot typology of fairy tales and epics// typology of Kazakh folklore-A
- 5 Ibraev Sh. (1993) The world of epic. (In Kazakh).

- 6 Ibraev Sh. (2017) Principles of reflection of time and space in the Kazakh epic // Kazakh epic in the context of the world epic heritage. (In Kazakh).
- 7 Ancient Kazakh epic (2008) .Aruana. (In Kazakh).
- 8 Bayat E. (2020) Contactology: the influence of Turkic civilization on World Culture. - Almaty, kaznu publishing house.
- 9 Song Of Heroes. (1986) Kobylandy batyr. (In Kazakh).

Эпическое сознание и пространство в тюркских, монгольских эпических сказаниях

Ерболат Баят

Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова, г.Кокшетау, 020000, Республика Казахстан

Очевидно, что эпическое сознание является не только самым передовым образцом художественного достижения, сформированного на основе эволюции развития эпоса, но и продуктом общественно – общественного сознания более поздних времен. Он также является обновителем эпической традиции, создателем нового содержания и новой формы. В конечном счете, эпическое сознание - это общественно-социальные установки, историко-культурные мотивы, поэтико-художественные символы, оплетенные тематико-идейным содержанием этого эпоса. Эпическое сознание проявляется во времени и пространстве.

Ключевые слова: жанр, миф, поэтика, сюжет, эпос.

Материал поступил в редакцию журнала 10.12.2022

Epic Consciousness and Space in Turkic, Mongolian Epic Tales

Erbolat Bayat

Sh. Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan

The epic consciousness is not only the most advanced example of an artistic achievement formed on the basis of epic evolution, it is also a product of the social consciousness of later times. It renovates the epic tradition, the creator of a new content and a new form. Ultimately, epic consciousness is social attitudes, historical and cultural motifs and poetics symbols entwined with the thematic and ideological content of this epic. Epic consciousness manifests itself in time and space.

Key words: genre, myth, poetics, plot, epic.

Received: 10.12.2022

MFTAP 82-1/-29

DOI: 10.59102/kufil/2022/iss4pp31-45

Г.С. Бөкен

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., 020000, Қазақстан Республикасы

МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ӘДЕБИ ПСИХОЛОГИЗМ

Мақалада қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Мұқағали Мақатаевтың прозасы нысанға алынады. Шығармадағы кейіпкерлер болмысы, автордың жеткізбек ойы, жалпы прозадағы психологизм мәселесі, психологизм тақырыбында жазылған ғылыми-зерттеу еңбектеріндегі теориялық ойлармен астаса қарастырылады. Жалпы қазақ әдебиетінде «әйел болмысы» тақырыбында жазылған шығармалар көп кездеседі. Сондықтан да мақалада «ер адам